



**ҚЫЗ
ТӘРБИЕСİNДЕ
«АЙ ҚАРАП,
ЖҰЛДЫЗ
САНАМАЙЫҚ»**

3-бет



**МЕН
КІММІН?**

8-бет

ЗАН газеті

№65 (3596) 1 қыркүйек 2023

zangazet@mail.ru

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

БОРАЛДАЙДЫҢ ХАЛҚЫ БАСШЫЛАРҒА ӨКПЕЛІ



Өркениет игілігіне жете алмай қажып біткен Боралдай ықшамауданының тұрғындары бас көтерді. Халық ашынғаннан Алматы мен Боралдай ауылын жалғап тұрған бас көшені жапты. Наразы топ әкім орталарына келіп, мәселелерді өзі тыңдаса деп талап қойғанымен, тұрғындармен кездесуге әкімнің көмекшілері ғана келді. Көпшілік алдында төбе көрсеткен олар баяғы «жасаймыз, қатырамыз» деген сөздермен шектелді.

(Соңы 2-бетте)

Айгүл МЫҢБАЕВА,
Батыс Қазақстан облыстық
Білім басқармасының басшысы:

БІЛІМГЕ ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ ӨЗІН АҚТАЙДЫ

Қоңыр күздің алғашқы күнінде еліміздің мектептерінде соғылған қоңырау сыңғыры ұл-қыздарды білім жолының тағы бір кезеңіне шақырады.

Өңірдегі білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығын білу мақсатында Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызына сауалдарымызды жолдаған едік.

– Айгүл Әділгерейқызы, жаңа оқу жылына қандай дайындықпен келдіңіздер? Өңірде қанша білім ошақтары бар? Оларда қанша оқушы білім алмақ?

– Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында білімнің маңызына ерекше тоқталып, бірқатар міндеттер жүктеген Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады», – деген еді. Осы орайда Президент жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етудеміз.

Биылғы 2023–2024 жаңа оқу жылында Батыс Қазақстан облысындағы 377 жалпы білім беретін мектепте 121 мыңнан астам оқушы білім алады. Биыл батысқазақстандық 13006 бұлдіршін мектеп табалдырығын аттайды. Облыста жалпы 32 627 баланы қамтитын 532 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Сонымен қатар облыстың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің 34 оқу орнында 68 мамандық, 107 біліктілік бойынша кадрлар даярлайды. 2023–2024 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуға 4 мың студент жоспарланса, бүгінгі таңда құжат тапсырғандар саны 5655 адамды құрап отыр.

– ҚР Президентінің өткен жылғы Жолдауында айтылған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге бағытталған. Игі мұраттарға жетелейтін осы жоба аясында Батыс Қазақстан облысында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бүгінгі таңда облыс бойынша барлық қаржыландыру көздерінен 23 мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 8 мектептің құрылысы жүргізіліп жатса, 15 мектеп облыстың 7 ауданында КПО б.в. компаниясының әлеуметтік міндеттемелері шеңберінде салынуда. Бұл мектептердің 18-ін ағымдағы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде облыс бойынша 16 200 орындық 18 мектептің құрылысы 2023–2025 жылдарға жоспарланған.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

ЕЛДІКТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

1993 жылы 28 қаңтарда және 1995 жылы 30 тамызда – республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының конституциялары тәуелсіз мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан маңызды құжат. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы және қолданыстағы Конституциялары Қазақстанның конституциялық құрылысының негізін қалады, мемлекеттік механизмнің, қоғамдық және саяси институттардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының түбегейлі қағидаларын айқындады.

1993 жылғы Конституцияның кемшіліктеріне байланысты осы Конституциямен шешілмеген проблемалардың болуына орай, 1995 жылғы Конституция қабылданған еді. 1995 жылғы Конституцияның жобасы бойынша Президент жанынан сараптамалық-консультативтік кеңес құрылып, жаңа Конституцияның жобасын жасау жұмысына қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар мен мемлекет

қайраткерлері тартылды. Атап айтсақ, белгілі заңгер-академиктер Ф.Сапарғалиев, М.Сүлейменов, сонымен қатар, заң ғылымдарының докторлары – В. Ким, Б. Мұхамеджанов, Е.Нұрпейісов, Н. Шәйкенов, ресейлік ғалым С.Алексеев, Францияның мемлекеттік қайраткерлері Жак Аттали мен Ролан Дюма, т.б.

Тиісті тұлғалардың қатысуымен республиканың жаңа Конституциясының жобасы

жасалып, жоба бүкілхалықтық талқылауға шығарылды, қоғам мүшелері тарапынан кеңінен талқыланды. Конституция жобасын талқылауға 3 миллионнан астам азамат қатысып, өз пікірлерін, көзқарастарын білдірді. Талқылау қорытындысы бойынша жаңа Конституцияның жобасына, нақты айтсақ оның елу бес бабына 1100 өзгерту енгізіліп, бірқатар жаңа баптар пайда болды.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Конституция жобасын республикалық референдумға шығару туралы мұндай шешім Қазақстан Халқы Ассамблеясының екінші сессиясының ұсыныс-шешімі бойынша қабылданған еді. Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамызда тиісті Конституцияны қабылдай отырып, өзінің мемлекеттік биліктің бірден-бір

бастауы болып табылатындығын жариялады, өзінің құқығын жүзеге асырды.

Қазақстанның біртұтас халқының тікелей ерік білдіруімен дүниеге келген бұл тарихи акт республикамызды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, республикамыздың қоғамдық, саяси жүйесі үшін жаңа болып табылатын демократиялық институттарды құрды. Тұңғыш рет екі палатадан тұратын, тұрақты негізде жұмыс істейтін қазақстандық парламентаризмнің іргетасын қалады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізіне Франция мемлекетінің негізгі заңы алынуының өз себептері болды. Екі мемлекет те Конституцияларын қабылдау кезінде қиын, өтпелі жағдайда болды. Француздардың Конституциясы тым ауыр, қиын уақытта қабылданған еді.

Бұл ҚР Конституциясы Франция Конституциясының көшірмесі болды деп айтуға негіз болмайды. ҚР Конституциясы Францияның Конституциясынан көп ерекшеленеді. Біріншіден, құрылымы бойынша Қазақстан Конституциясы жинақы. ҚР Конституциясының бір бөлімінде реттелген қатынастар, Франция Конституциясының бірнеше бөлімінде реттелген.

(Соңы 4-бетте)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

БОРАЛДАЙДЫҢ ХАЛҚЫ БАСШЫЛАРҒА ӨКПЕЛІ



жылы тағы да халықтан ақша жинап, құбыр, басқа керек-жарақ сатып алып, трактор жалдап, әр үйге су құбырын жүргіздік. 2009 жылы әр тұрғыннан 47 мың көлемінде ақша жинап жарық қостырдық. Жарықтың жыры көп. Үш рет БАҚ өкілдерін шақыртып жатып жол мәселесін зарлай жүріп, әкімдікке негізгі бір-екі көшені ерең салдырттық. Ал кейінгі көшелер сол қалпы. Құзырлы орындар тарапынан ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ» дейді Сәмбетқұл Жиренбаев.

Тұрғындар бұрынғы әкімдердің уәдесінен әбден шаршаған. Жаңа әкім бір өзгеріс әкелердей белсенді болып көрінгенімен, әзірге тындырған ештеңесі жоқ.

– Келген кезде: «Үш ай сайын есеп беріп отырамын!» – деген еді. Бірақ айтқанының бәрі бос сөз болды. Ол әкімді бүгінде жылдап көрмейміз. Баяғы жартас – сол жартас. Ықшамаудан көркеюдің орнына кері кетіп бара жатыр. Осы әкім көріз суын жүргіземіз деп уәде берген, кейін бір Османов көшесіне жартылай құбыр тартты, бірақ ол да бітпей тоқтап қалды. Басы бар, аяғы

келемін. 2005 жылы жер телімін алып, үй салдым. Бұл ауылдың негізінің қаланғанына 20 жыл болды. Бірақ былтыр ғана көшелерге жарық орнатылды, оның өзінде екі күн жанса, бес күн өшіп тұрады. Өшкен жарықты бүкіл халық айтып жатып ерең қостырамыз. Бар мәселе өзіміз қимылдап, қозғалмасақ шешілмейді. Мысалы, 2007 жылы ауыл тұрғындары ақша жинап, су мұнарасын сатып алып, су мәселесін шештік. 2008

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ықшамаудан 2015 жылы Алматы облысы Іле ауданынан бөлініп, Алматы қаласы Алатау ауданына қосылған. Содан бері зымырап сегіз жыл өтсе де жаңа ауданға қала әкімдігі тарапынан көңіл бөлінбеген, ешқандай инфрақұрылым жасалмаған. Мұндағы 350 отбасы жол, су, жарық мәселелерін бүгінге дейін өз қаражатымен шешіп келеді.

«Мен бұл ауылда бұрыннан тұрып



жоқ. Ал жол мәселесі, көріз суының жүруіне байланып тұр. Көріз суы тартылмай, асфальтты да көрмейтін болдық» дейді Ақбота Бақтиярова.

Тұрғындарды мәселелердің қашан шешілетіні алаңдатады. Былтыр жазда көріз құбырын жүргізу үшін қазылған жол да әлі күнге дейін жасалмаған. Соның кесірінен балалар күз-көктем айларында балшық кешіп мектепке баруға мәжбүр. Алда қыс келе жатқанын ескерсек, жол шапағатын тұрғындар жақын арада көрмеуі де мүмкін. Ал жауапты мамандар мамыр айының аяғында «көріз суын жүргіземіз» деп уәде берген.

Бұған қоса тұрғындар Саин көшесіне қосылатын жолды да тілге тиек етті. Саин көшесіне шығатын жолдың жобасы болса да, уақытша тас төсегелі барған халық, жобадағы жолдың орны жекеге сатылып кет-

кенін байқаған. Жол байындағы терең сай да бас ауыртатын мәселенің бірі. Жоба бойынша аспалы көпір тұрғанымен, салыну уақытынан тұрғындар бейхабар. Әсіресе, қыс мезгілінде сол сайда жиі көлік апаты орын алады. Көлікті былай қойып, бұл сайдан жаяу жүргіншілердің өзі ерең өтеді. Не оған құм, тұз, топырақ та себілмейді. Қыс жақындағанда, осы сайдың мәселесі әр отбасының қорқынышына айналады дейді ауыл тұрғындары.

Тұрғындар ренішін журналистермен бірге тыңдап, бас шұлғыған әкімдік қызметкерлері мәселені басшылар назарына жеткізген болар. Тұрғындар жанайқайы Досаев мырзаның құлағына шалынар деген үміттеміз.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

ОТЫРЫС

Әділет министрі Азамат Есқараевтың төрағалық етуімен Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Шараға мүдделі мемлекеттік органдардың, ғылыми қоғамдастықтың және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты. Отырыс барысында бас бостандығынан



кейбір мәселелері қаралды. Отырыс қорытындысы бойынша Ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманың жекелеген нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірледі.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

ШЕТЕЛДЕ ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР НАЗАРЫНА!

Шетелде оқитын студенттер медициналық сақтандыруға көп көңіл бөлмей жатады. Ал дамыған елдерде ақ халаттылардың көмегі мен кеңесі өте қымбат.

Соған орай шекара асқан студенттер мына мүмкіндікті назарынан тыс қалдырмауы керек. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңның 26-бабы 1-тармағы 13-тармақшасына сәйкес, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттер үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) жарнаны мемлекет жүзеге асырады.

Алайда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық

жүйесінде шетелдік жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің деректері жоқ. Өйткені, кейбір жастар Қазақстан аумағында студент ретінде тіркелмеген. Тиісінше, олар шетелге барғанда МӘМС шеңберінде медициналық қызмет ала алмайды.

Ал МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығын иелену үшін студенттерге электрондық үкімет порталындағы «шетелде оқитын студенттерді тіркеу» бөлімінде растайтын құжатты (оқу орнынан анықтама) жүктесе жеткілікті.

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

ШАРА

САМОКАТПЕН ЖҮРГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Алматы қаласында қауіпсіздік қызметкерлерінің қатысуымен сомакатшыларға жол ережесін пысықтайтын арнайы шара өтті. Шара барысында жол жүру ережелері таныстырылып, практикалық тегін сабақ берілді.



лар көлік пайдаланушыларға тұрақ ережелерін, қалада көлік жүргізуді үйрену және көшелерде, жолдарда, қалалық саябақтарда өзін сенімді сезіну үшін арнайы әзірленген. Әрине, сабақтар қорғаныс қасқаларын киіп, қаланың арнайы жабдықталған, қоршалған алаңында өтті. Шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мұрындық болып отыр.

– Шынымды айтсам, сомакат тегуіне қорқатынымын. Оның үстіне, жақында мұндай жүйрік көліктерді жүргізуге байланысты заң шықты. Тәжірибе болмағандықтан, көп қателік жіберетінім сөзсіз. Ал мына шарада бір жағынан заңдық білім алсам, екінші жағынан практикалық сабақ алдым, – дейді қала тұрғыны Мақсат Алдаберген.

Естеріңізге салсақ, электр сомакатқа қатысты заң жобасы осыдан екі жыл бұрын әзірленген болатын. Содан бері көпшілік талқысына салынған жоба біраз түзетулерге ұшырап, осыдан екі ай бұрын қолданысқа енген еді. Қабылданған жаңа заңға сәйкес, электрлі сомакат велосолда, веложолдақтарда, 25 км/сағат жылдамдықпен жүріс бөлігінің оң жақ шетінде, оның ішінде маршруттық көліктерге арналған жолақ бойымен бір қатарда қозға-

ла алады. Ал тротуар мен жол жиегінде, жаяу жүргіншілер жолында 6 км/сағаттан аспайтын жылдамдықпен жүруі керек. Сонымен қатар, электрлі сомакат көлікке арналған жолмен жүруге, әрі тек 18 жастан асқан азаматтарға ғана рұқсат етіледі және жүргізуші күәлігінің кез келген санаты болуы керек.

Қабылданған заң бойынша кикшеринг компаниялары жаяу жүргіншілер мен саябақтардың белгілі бір жерлерінде электрлі сомакат жылдамдығын шектейтін болды. Орнатылған GPS-сенсордың арқасында мұндай аймақтарға кіру кезінде жылдамдықты шектеу автоматты түрде қосылады.

Жауапкершілікке келсек, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау (ӘҚБТК-нің 593-бабы, 5 АЕК көлемінде айыппұл салу), сондай-ақ жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзғаны үшін (ӘҚБТК-нің 620-бабы, ескерту немесе 3 АЕК көлемінде айыппұл салу) сомакат тізгіндегендерді де жауапкершілікке тартуға болады.

Шара соңында ұйымдастырушылар арнайы жапсырма белгілер беріп, ұтыс ойнатып, жеңімпаздарға сыйлықтар таратты.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

ПӘРМЕН

МЕКТЕП МҮЛКІН ЛОМБАРДҚА ӨТКІЗЕТІНДЕР ДЕ БАР

Жетісу облысы Панфилов аудандық сотында сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу фактісі бойынша А.-ға қатысты қылмыстық іс қарады.

Бұл азамат 2021 жылы Жаркент қаласындағы орта мектеп директорының бұйрығымен мультимедиялық информатика кабинетінің зертханашысы ретінде жұмысқа қабылданған. Басшылықтың сеніміне кірген ол 2022 жылдың сәуірінен бастап өз атынан портативті компьютерлерді ломбардқа кепілдікке беріп, алған ақшаны өз қалауына жұмсаған. Зертханашының қылмыстық әрекетінің нәтижесінде мектепке 33 миллион теңгеден астам материалдық залал келген.

Сот тараптарды тыңдай келе, мектеп мүлкін өз мүлкіндей пайдаланып, талан-таражға салған азаматты 7 жыл мерзімге шартты түрде бас бостандығынан айыруға, оқу орындарында материалдық жауапкершілікке байланысты лауазымдарды атқару құқығынан 7 жыл мерзімге айыруға үкім шығарды.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

СОТ ЖҮЙЕСІ: СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тәмсілден қилер жұмысының жауапкершілікке толы, әрі аса сақтық пен қара қылды қақ жарған әділдікті талап ететінін көре аласыз. Бұрынғының би-қазыларының қызметі қазіргі Қазақстанда да маңызға ие.

Адам тағдырын таразылап, шешушісіне айналған мамандық иелерін бүгінде «сот», «судья» деп танып жүрсіз. Осынау жауапты кәсіп иелерінің бүгінгі деңгейіне бұқара көңілі толады ма? Осыған орай ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы «Халықтың құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне сенімінің деңгейі» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жасаған. Сәуір-мамыр айлары бойынша алынған нәтижеде респонденттердің жартысынан көбі сот жүйесіне сенім білдіретіндігін жеткізген. Ал, 31 пайызы оларға ішінара ғана сенеді екен. Сөйкесінше, сеніміне селкеу түсіп, судьялардың кәсіби біліктілігіне күмәнмен қарайтындар да бар екен.

Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінде-ақ сот жүйесінің негізі қаланып, заң аясында қызметі қалыптасты. Нақты реформалар жасалып, шет елдік озық тәжірибелері мен сарапшылардың талдауының арқасында сот ісі бір ізге қойылды. Сол уақыттардан бастап қазірге дейін салада даму мен оң өзгерістер бар десек болады. Сот билігі қоғамдық өмір мен мемлекет аясында тұтанған түсініспеушіліктер мен жанжалдарға шешім шығаруды, құқықтық салтанат құруын қамтамасыз етуді, басбұзарларын, тентегін тезге салуды көздейді. Дегенмен, дүйім жұрт арасында көңіл толмаушылық бары да жасырын емес. Ақпараттық қоғамда алты қыр астындағы алақандай ауылдың мәселесі бұқараға жария болып отырған шақта әлеуметтік желілерде болсын, басылым беттерінде болсын бір-екі жарым наразы топтың бары рас. Әділдік іздегеннің көбі сот жүйесіне селқос қарайды. Сөзімізге дәлел ретінде

жазба басында айтқан сауалнама қорытындысын ортаға қосайық. Мамандардың айтуынша әлеуметтік зерттеу жұмысына қатысқандардың әрбір бесіншісі сот жүйесіне сенбейтінін ашық жеткізген. Мәселен, респонденттердің 27,9% сот қызметінде сыбайлас жемқорлық белең алған деп баға берген. Ал, 27,4 % қатысушылар «Судьялар атқарушы билік пен құқық қорғау органдарына жосықсыз тәуелді», – дейді. Ең қиыны 18,7% атаулы органдардың қызметіне жүгініп, оң нәтиже алмаған. «Қазақстандық сот жүйесінен қорқамын» дегендердің үлесі – 16,4 %. Судьялардың білім, білігіне, кәсіби құзыретіне күмәнмен қарайтындар – 15,5 %.

Сот жұмысының жайына көңілі толмайтындардың дені Батыс Қазақстан, Астана қаласы мен Маңғыстау облысының тұрғындары. Сауалнамаға қатысушылардың 22,7 пайызы аралығы атаулы өңірлерге тиесілі. Сенімсіздік тудыратын себептердің бірі ретінде респонденттер сыбайлас жемқорлық фактілерін тілге тиек еткен. Мәселен, Қызылорда облысынан – 71,1%, Астана қаласынан – 46,2%, Қарағанды облысынан 42,3% қатысқандар атаулы салада әліге дейін бармақ басты, көз қысты, атусті қарау деректері бар деп пікір білдірген. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы негативті контент салдарынан 10,1 пайыз қатысушы «сенбейміз» деп бағалаған.

Сандар сөйлегенде сан соғып, айқаптап қалатын тұстар көп. Бұндайда қазакең, «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды», деп мәтелдетеді. «Ағайынның алаңдаушылық танытуы орынды ма?», деп қаласың. Еліміздегі соңғы саяси өзгерістер, жаңа Қазақстандағы жауапкершілік-



ке тартылған шенді-шекпенділер, сонымен қатар, қаңтар қырғыны аясында ашылмаған шындықтар легі сот жүйесіне келгенде сенімге селкеу салып отыр. Судьялардың кәсіби білімін арттыру, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету, ашықтығы мен жариялылығын жүйелендіру мәселелері өткір тұр. Әлеуметтік желі беттерінде ашына жанайқайын жеткізіп, биліктен әділдікті талап етіп жүрген жандар осы сөзімізді қуаттай түсетін секілді. Дейтұрғанмен, отыз жылдан аса өзіндік тәжірибесі бар сала мен мыңдаған мамандардың табан ет, маңдай тер еңбегін жоққа шығаруға әсте болмайды. Түйткілді мәселемізге тұздық болу үшін, «Бес саусақ бірдей болмайды», «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деп жалғаса кететін сөздерін қоса айтқанымыз абзал. Антына адал, жүзі жарық, кәсіби жауапкершілігі жоғары, бұқара базинасын майшаммен қарап, селқостықты мүлде саяламайтын білікті сот мамандары да жетерлік.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БАЗЫНА

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕ «АЙ ҚАРАП, ЖҰЛДЫЗ САНАМАЙЫҚ»

«Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейтін қазақтың осы мәселедегі бүгінгі жайына көз жүгіртіп көрейікші. Жоо-жоқ, қазақта намыс қалмады деуден аулақпыз, тек «жүрекке өмір жүрмейді» дегенді желеу етіп қазақ қыздарының көрінген көк аттының қанжығасында кетіп жатқанына назалымыз.

Әрине, өз бостандығымыз өзімізде, не айтсақ та, не істесек те өз шаруаңыз, жеке мәселеміз. Бірақ осынша мүмкіндікті қор қылып, «Туған жерге туынды тік» дейтін тәмсілді әдірдем қалдырғанымыз қалай? Ұлының ұяға, қызының қияға қонып, түтінінің түзу ұшуын қалайтын қазақтың ар-намысын ойламайтын намыссыз, арсыз, санасы саяз ұл мен қыз қайдан шықты? Тышқақ лағының мұрны қанаса жаны қалмай жан ұшыратын елдің ертеңін ойлауға тиісті ұрпақтың әркімнің жетегінде кетуі «Тіл алмас бала адам таппас сылтау айтады» дегендей, жайандану деген жалпы үрдіс қырық сылтау болды.

Африкаға аттанып жатқанын мақтан тұтатын, қытайға тиіп жатқанына қуанатын, тағы кім бар еді құдай-ау т.б. қазаққа қатысы жоқ ұлттардың етегінен ұстап, жат жұрттықтарда алты аласы, бес бересіміз болмаса да, елін, жерін, туғанын тастап шекара асып жатқан қазақ қыздарының қылығына ішіміз ашиды. Ең сорақысы сол, танаулары тасқа тиіп жатса да, олардың қатарының күн санап жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптауы... Ой салатын, ойға алатын жайт.

Әлеуметтік желілердің әлеуеті артқалы бері жүректі сыздатар осындай жайттар кез келген жерден көзге түседі. «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету» деген қазақ қызының қаңғырып кететінін айтпап еді ғой. Сондықтан бұл жерде баласын басқаға беру үшін өсірсе де, менталитетімізге жат қылығына «тәйт» дей алмаған ата-ананың да, жоқтан тапқандай кім-көрінгеннің жетегіне ерген ұрпақтың да кінәсі бар екенін ашық айтуымыз керек.

Kazislam.kz порталында көрсетілген 2022 жылғы ста-

стистикалық мәліметтер бойынша «елімізде жыл сайын 100 мыңнан астам жұптың некесі қиылса, оның ішінде 20 мыңы аралас неке». Ал соңғы бес жылда еліміздегі неке санының 15,5 пайызын ұлтаралық некелер құрайтынын жариялаған Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметіне жүгірсек, әрбір алтыншы жұп аралас неке болса, ел бойынша басқа этнос өкілдерімен некеге тұрған ер азаматтардың саны: 2009 жылы – 4910, 2010 жылы – 5090, 2011 жылы – 5559, 2012 жылы – 5494 деп көрсетілген. Сондай-ақ осы жылдар аралығында қазақ қыздарының 2009 жыл – 4185, 2010 жылы – 4246, 2011 жыл – 4578, 2012 жылы – 4591-і өзге ұлт өкілдерінің етегінен ұстаған. Өкінішке қарай, бұлардың жартысынан астамы ажырасып кеткен деген мәлімет бар.

Осы орайда «ал біз не істеп отырмыз?» деген заңды сұрақ туады. Қайда кетсе де өзі біледі деп қарап отырғанымыз қалай? Арын да, барын да әйел арының биігімен өлшейтін ата-баба аманатына жасалған бұл қиянаттың орны немен, қашан, қалай толмақ?

«Арсыз болмай – атақ жоқ», «Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрысын» деп Абай айтқан шындықтың әлі күнге дейін шырылдап жүргені өзегіңе өрт салмай ма? Бірақ «Шындық шырылдап жетемін дегенше, өтірік талай жерді өртейді» деп кеткен қазақтан сөз қалған ба, мына жалғанда?! Қазақтың бәрі бұл мәселеде қаңтарылып қарап отыр демейміз, айтып-жазып жатқан аз ғана топтың үні естірі құлақтарға жетсе деген ниетпен ойымыздың бір парасын бүгін біз де хатқа түсіріп отырған жайымыз бар. Дегенмен бүгінгі күні «керемет трендке айналған» осы үрдістің тамырына балта шаппасақ та, барынша азайтуға атсалысу сіз бен біздің парызымыз деп білемін. Өйткені, мұның артында күллі қазақ халқының ар мен намысы, ертеңі тұр. Ендеше ой салу бізден, ойға алу сізден болсын! Ай қарап, жұлдыз санамайық!

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Көлік базары, киім базары, құрал-сайман базары. Тағы қандай сауда орындарын білесіз? Қалауын тапқандар адамды да сатып жүр. Сандар солай деп сөйлеп отыр. Сенбесеңіз айтайық, елімізде адам саудасына қатысты құқық бұзушылықтар тыйылар емес. 2023 жылдың алғашқы жартысы бойынша Қазақстанда адам саудасына қатысты 111 қылмыстық іс тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда екі есеге көп.

АДАМ САУДАСЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Нақты статистика бойынша 2021 жылы – 103, 2022 жылы – 77 іс тіркелген. Адамдарды базарлар арқылы ашық саудаламаған неміз қалды? Жаға ұстатар жайттың тек анықталғаны – 111. Қаншама мың адам құлдық қамытын киіп жүргені белгісіз. Олардың саны көп болмаса, аз еместігі ақиқат. Бұл сөзімізді ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов та растайды. Ол өткен жылы «Статистикалық деректер мәселенің мәнісіне үңіліп, нақты жұмыстар атқарылған жоқ. Талдау жүргізілмеді. Соның салдарынан біз бүгін адам саудасы бойынша толыққанды мәліметке ие емеспіз», – деді.

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев адам саудасы мәселесінің маңыздылығын, атаулы қылмыс түрлерін тергеуде, жауапкершілікке тартуда тың тәжірибелерді қолдану керектігін, ылғи ізденісте болу қажеттігін Қазақстан халқына жолдауларында назарға алды. Бұл мәселе бар деген сөз. Өркениеттің дамып, ақпарат көздерінің айқара ашық уағында құл иеленіп, адам тәнін саудалап жүрген қай қамсыздар дейсіз ғой. Өкінішке қарай, ондайлар аразымыз көптеп жүр. Дені лас сауда айналымында лезде ізін жасырып, жауапкершіліктен жалтарып жүргендер. Әлем ха-

қатысты 67 іс тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,1 есеге көп. Қаншама қаракөздер атаулы кәсіп түрімен айналысып жүр. Оларды анықтау да, жолын кесу де мүмкін болмай тұр. Ең сорақысы, еркектердің нәпсі қалауын қанағаттандырып жүргендердің ішінде кәмелетке толмаған қыздар да кездеседі екен. Жасөспірімдерді жыныстық қызмет көрсетуге тарту бойынша 2021 жылы 5 іс тіркелсе, биылдың жарты жылдығында 17 дерек анықталған. Сондай-ақ, ересектерді саудалау — 8, ересектерді жезөкшелікке тарту да — 7 іс орын алған. Одан бөлек, әлеуметтік желі беттерін аша қалсаңыз, «Пәленше деген бай күштеп малын бақтырып отыр», «Ақша алмағанымызға көп болды», «Ұрып соғады, тамағымызды уақытылы бермейді» деп базинасын айтқандарды да көресіз. Бұл бойынша қанау мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыруға қатысты 5 оқиға тіркелген.

Сандарды сөйлетсек, өңірлер бойынша адам саудасына қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың дені Алматы қаласында орын алады екен. 2023 жылы 17, өткен жылы 5 адам саудасы болған. Ақмола және Қызылорда облыстары 8 дерекпен үздік үштікті қорытындылайды. Алматы, Жетісу, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында да атаулы сауда түрі белең алып отыр. Бүгінге дейін әр облыста 7 істен тіркелген.

Қош, миллиондардың ішінен бірнеше жүз жұрттың атаулы са-



лықтарының 25 миллионы адам саудасының құрбандары. Біріккен ұлттар ұйымының зерттеуінше, атаулы сауда түрі құрбандарының 70 пайызын нәзік жандылар құрайды. Әрбір үшіншісі – жасөспірімдер. Біздің елдегі ақуал да осыған саяды.

Өздерін «Walk Free» атауымен коммерциялық емес ұйым деп таныған тараптың зерттеуінше 200 мыңға жуық қазақстандық құлдыққа жүр. Оның ішінде шекара асып құлдыққа тап болғандар бар. Құл иеленушілер басында жоғары жалақы ұсынып, жайлы өмір сүретіндігіне кепілдік беріп, әкетеді. Алайда артынша айтқанынан айнып, құжаттарын тартып алып, өздерін күштеп жұмысқа жегеді. Шетелдік оқу орындарына оқимын деп тұтылғандар да бар. Адам экспортының бағыты көбіне Бахрейн Корольдігі мен Оңтүстік Корея елдері. Ал, біздің елдегі құл иеленушіліктің сипаты қандай? Мамандар, «Жыл басынан бері анықталған адам саудасының басым көпшілігі жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру», – дейді. Қыздардың тәнін саудалап, жеңіл жүріспен айналысуға мәжбүрленгендерге

уда құрбаны атануы заңдылық деп айтарсыз. Алайда жыл сайын қарқынды өсіп келе жатқан статистиканы қайда қоясыз? Бүгін 100, ертең 200, арғы күні 300 деп санап отырамыз ба? «Адам саудасының дендеп тұруына халықтың өзі кінәлі. Құқықтық, ақпараттық сауаттылық жоқтың қасы. Жалған жарнаманың жетегіне еріп кете береді. Тексермейді, еңбек келісімшарты деген мүлде болмайды. Төл құжаттарының түпнұсқасын танымайтындарға ұста та салады», – дейді сарапшылар. Келістік делік, алайда осы тұста сол ағайынның амалсыздығын тағы сөз етуіміз керек. Еріккеннен шекара асып немесе түрлі еңбек жолдарына жүгініп жүр ме? Бұл туралы тарқатсаңыз, тарта қалсаң ширатыла кететін жіпше әлеуметтік мәселелер жалғаса жөнеледі. Артынан жұмыс орнының жетіспеушілігі, төмен жалақы, өмір сүруге қолайсыз қалалар, пайызы жоғары несие деген секілді мәселелер менмұңдалайды. Құл атанған көп қазақстандықты көгенге түсірген де осы күнкөріс қамы ғой...

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

САРАП

ЕЛДІКТІҢ АЛТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Республика Президентінің өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы қатынас ҚР Конституциясының 3-бөлімінде («Президент») реттелсе, Франция Конституциясында тиісті қатынас «Республика Президенті» деген бөлімнен бөлек «Сот төрелігінің Жоғары палатасы» (Высокая палата правосудия) деп аталатын 9-бөлімде реттелген. ҚР Конституциясында қоғамдық қатынастар жинақталып 9-бөлімде бекітілсе, Францияда шағын мәселелер жеке бөлек бөлімдерде реттелген.

Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам

ҚР Конституциясында адам мәселесіне ерекше орын берілген. Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның 2-бөлімінде бекітілген. Республикамызда адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің конституциялық бекітілуін саралау оның шет елдерде тиісті мәселенің конституциялық реттелуінен біршама ерекшеленетіндігін көрсетеді. Мысалға, атап кеткеніміздей Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Конституцияның бір бөлімінде – «Адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімінде жалпы реттелсе, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері Өзбекстан Республикасының Конституциясының жеті бөлімнен тұратын 2-ші тарауында реттелген, басқаша айтқанда, Өзбекстанда жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мазмұнын құрайтын элементтер Конституцияның бір тарауының ішінде жеке-жеке бөлімдерде бекітілген.

Конституция қатып қалған акт емес

Конституция – бұл қатып қалған акт емес: уақыт өзгереді және тиісті өзгерістер конституциялық нормаларда көрініс табады. Қолданыстағы Республика Конституциясына бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022 жылдары. 2022 жылы 2 рет өзгерту енгізілді:

8 маусымда және 17 қыркүйекте. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заң республикалық референдумда қабылданды. Бұл заңмен Ата Заңымыздың үштен бір бөлігіне өзгерістер енгізілді. Ашып айтсақ, ҚР Тұңғыш Президентінің барлық артықшылықтары алынып тасталды, Президенттің саяси бейтараптылығы бекітілді. Президенттің, оған қоса Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелерінің де өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияға кіруге болмайтындығы бекітілді.

Президенттің партияға қатыстылығын анықтаған бұл шектеу оның құқықтық мәртебесіне тікелей байланысты. Республика Конституциясында (40-баптың 2-б.) анықталғандай, ҚР Президенті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады. Тиісті мәртебесіне сәйкес ол ешбір саяси партияның идеологиясын ұстанбауы тиіс, ешқандай саяси партияға оның мүддесі мен байланысы болмауы керек.

Құқықтық мемлекет өлім жазасына қарсы

ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізген 2022 жылғы 8 маусымдағы заңмен Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметшілердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруына тыйым салынды; Сенаттың Президент тағайындайтын депутаттарының саны 15-тен 10 депутатқа ауысты, яғни, 5 адам қысқарды; Парламент Мәжілісінің депутаттарының саны 107 депутаттан 98-ге қысқартылды. Әрі Мәжілісті құру тәртібі өзгерді, атап айтқанда Мәжіліске депутаттар пропорционалды өкілдік ету және мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болды. Мажоритарлық сайлау жүйесінің енгізілуіне орай Мәжілістің бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутаттарын кері шақырып алу



институты енгізілді; Республикада заң шығару субъектілерінің қатары көбейді, ашып айтқанда, Республика Үкіметі уақытша заң күші бар акті қабылдау құқығын иеленді; заң шығармашылығында Мәжілістің рөлі артты – ендігі жерде заңды Мәжіліс қабылдайтын болады, ал Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды мақұлдайтын болды; Сенаттың рөлі артты, атап айтқанда, Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтын мемлекеттік органдардың басшыларының тізбесі кеңейді – Сенаттың келісімімен тағайындалатын тұлғалар қатарына Республика Конституциялық Сотының төрағасы және Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы қосылды; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгерді; өлім жазасы толығымен жойылды.

Табиғи ресурстар халыққа тиесілі

2022 жылы 8 маусымда республикалық референдумда халық Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп жер және жер қойнауының, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, басқа да табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екендігін, ал мемлекеттің халықтың атынан меншік құқығын іске асыратындығын бекітті.

Тиісті конституциялық реформаның негізгі бір жаңалығы: ҚР Конституциялық Кеңесінің орнына Конституциялық Сот құрылып конституциялық бақылау институты жаңғыртылды, ҚР Конституциялық Сотының ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері бекітілді. Оларға қысқаша тоқталсақ, ҚР Конституциялық Соты 11 судьядан тұрады, оның төрт судьясын – Республика Президенті, үш-үштен судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық Соттың өкілеттік мерзімі – 8 жыл болып бекітілді әрі бір адамның Конституциялық Соттың

судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайтындығы реттелді. Атап кеткеніміздей, 2022 жылғы 19 қыркүйектегі конституциялық реформамен Конституциялық Соттың судьясы болып бір адамның екі реттен емес, бір реттен артық тағайындалмайтындығы бекітілді. Сонымен қатар, ҚР Конституциялық Сотына жүгінетін субъектілер қатарына азаматтар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Бас Прокурор қосылды. Бірақ, бұл тұлғалар өзге субъектілерге қарағанда Конституциялық Сотқа тек нақты шектеулі мәселелер бойынша ғана жүгіне алады. Ашып айтсақ, алдыңғы екеуі тек 1 жағдайда ғана: Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау бойынша, ал Бас Прокурор Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарау, Республика Конституциясының нормаларына ресми түсіндірме беру және ҚР нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау мәселелері бойынша өтініш бере алады.

Әкімдерді тұрғындар таңдайды

Аталғандарға қоса, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың рөлі күшейтілді. 2022 жылғы 8 маусымдағы аталмыш өзгертулерге сәйкес Республика Пре-

зиденті әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін жою құқығынан айырылды. Сонымен қатар, тиісті конституциялық реформамен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің қызметіне орналасу тәртібі өзгерді. Атап айтқанда өзгертулерге дейін Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен тағайындайтын болса, енді Республика Президенті оларды тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен қызметке тағайындайды әрі Республика Президенті келісім беруге кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі. Аталғанға қоса, ҚР Президенті Конституцияның 87-бабының 4-бөліміне сәйкес бұрын өзінің ұйғаруы бойынша жалпы әкімдерді қызметтерінен босатуға құқылы болса, енді тиісті конституциялық реформаға сәйкес ол өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін ғана қызметінен босатуға құқылы, тиісінше ол ендігі жерде аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босата алмайды.

Қорыта айтатын болсақ, Конституция – мемлекеттің діңгегі, елдіктің алтын қазығы. Ата Заң – егемендік символдарының бірі. Қасиетті заңымыздың дамып жетілуімен бірге егеменді еліміздің жаңа тарихы жазылып жатыр.

Мемлекет басшысы жариялаған саяси реформа аясында былтыр республикалық референдум өтіп, халық өз таңдауын жасады. Конституцияның Конституциялық реформа ел өміріндегі жаңа сапалық кезең, өзгерістер бастауы.

Алуа ИБРАЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті заң ғылымдарының докторы, профессор, Әйгерім ЖАРБОЛОВА, Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА, заң ғылымдарының кандидаттары

КИЕ

Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту. Тәуелсіз мемлекетімізде тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлінген. Тіл – біздің бүгінгіміз бен ертеңіміз, тарихымыз бен болашағымыздың айнасы. Тілді дамыту, еліміздің стратегиялық бағыттарының бірі.

ТІЛ - ЖҰРТТЫҢ ЖАНЫ



Р.КУСТАНОВ,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

«Адамның екі тірек тегі бар. Бірі – тіл, бірі – діл. Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік»

деп дана Жүсіп Баласағұн айтып кеткен еді.

Әдеби туындыларымыздың арқасында біз тіліміздің осыншалық деңгейде көркем екендігіне көзіміз жетті.

Ахмет Байтұрсыновтың: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деді. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады дегенді сол заманда айтып кеткен. Әрбір тіл жанашыры кез келген тілге қатысты бағдарламаларда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге тырысуда.

Әрбір қазақ жүрегінің төрінен орын алып, көңілінде сайраған бір үн болса, ол – оның ана тілі. «Тілге құрмет – елге құрмет» демекші мемлекеттік тіліміздің көркейіп, кең етек жаюы үшін әрбір қазақ баласы қызмет ету парыз.

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі көп қазақтар білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында.

IPGETAC

ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Конституция негізінен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, билікті ұйымдастыру, жоғарғы билік органдары, олардың өкілеттігі, мемлекеттің саяси аумақтық құрылысы, сыртқы саяси мәселелерін реттеп отырады.

Біздің егеменді еліміз 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Конституциядан бұрын бірнеше конституцияны өткерген. Атап айтсақ, бұл Каз АССР 1926ж конституциясы, Каз АССР 1937ж конституциясы, 1978ж Конституция, 1993ж Конституция, ҚР 1995ж Конституциясы.

1993ж Конституцияға бірқатар жаңа қағидалар енгізілді. Айталық, ҚР «өзін-өзі таныған қазақ ұлтының мемлекеттілік нысаны ретінде» жарияланды. Кіріспеде «қазақ мемлекеттілік» формуласы қолданылды. Бұл тек қазақ ұлтының өзін-өзі саяси танығандығын білдірді, яғни мемлекеттік егемендік тек ұлттық егемендіктің жүзеге асуы ретінде танылды.

Конституцияда «зиялы және біртұтас мемлекет» деген ұғым бірінші рет қолданылды. Конституциядағы заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының «тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы олардың өзара қарым-қатынас жасайтыны» туралы қағидалары да жаңа қағида деп есептеуге болады.

1993 жылғы Конституциядан соң, араға екі жыл салып жаңа Кон-

ституция 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

1995ж 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы тәуелсіз, егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан акт болды. Республика Конституциясының қабылдануы конституциялық құрылыстың құқықтық негізін қалады. Республика Конституциясы конституциялықтың демократиялық дәстүрлеріне сүйене отырып, Қазақстанның көпұлтты халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі деп таныды. Мемлекеттік биліктің бірлігін атап көрсете отырып, Конституция билікті заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөлу принципін мемлекеттің ұйымдық және қызмет ету тетігіне негіз етіп алды. Қазақстан құрылыс нысаны бойынша Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Конституцияға сәйкес тұрақты жұмыс істейтін қоспалаталы Парламент заң шығарушы орган ретінде танылды. Сөйтіп, ҚР парламенттің берік құқықтық негізі жасалды.

Конституцияның маңызды



Д.ГИЛЬМАНОВА,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының судьясы

артықшылығының бірі – оның жалпыға мәлім демократиялық құқықтық идеялар мен принциптерге бейімділігі болып табылды.

Міне, осындай тарихи кезеңдерден өтіп барып біздің елімізде тұрақты Конституциямыз қабылданды. Конституциямызға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұның барлығы мемлекетіміздің дамуы үшін жасалған қадамдардың бірі деп айтуға болады.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде 9 мектептің құрылысын биыл бастап, 2024 жылы аяқтау, қалған 9 мектептің құрылысын 2024 жылы бастап, 2025 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Қазіргі таңда 9 мектептің 5-еуі бойынша құрылыс жұмыстары басталды. Қалған 4 мектептің құрылысын жүргізуге мердігерді анықтау үшін конкурс жариялануда.

Күрделі жөндеу мәселесіне тоқталсақ, ағымдағы жылы 6 білім беру нысанындағы күрделі жөндеу жұмыстарына 678,7 млн теңге қаржы бөлінді.

– БҚО-дағы «сақалды құрылысқа» айналған білім нысандары туралы не айтасыз?

– Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында 10 білім беру нысанының құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары ұзақ мерзімге созылуда. Басты себеп – мердігерлердің жұмысты ұйымдастыра алмауы, міндеттемелеріне деген жауапсыздығы. Жарты жылда аяқталуы тиіс күрделі жөндеу жұмыстары 1,5 жылға, кейбір білім ошақтарының құрылысы 4 жылға созылып кетті.

Соған байланысты биыл аталған мәселені шешу үшін Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев құзырлы мемлекеттік органдармен жұмыс тобын құрып, тікелей өз бақылауына алды.

Сол нысандарға тоқталып кетсек, 2020 жылы құрылысы бастау алған Казталов ауданы Жұлдыз ауылындағы 108 орынға арналған мектептің бұрынғы мердігері соттың шешімімен жосықсыз деп танылды. Құрылысты аяқтау үшін қайта конкурс өткізіліп, жаңа мердігер анықталып, мектеп облыс әкімінің қатысуымен 23 тамызда салтанатты түрде ашылды. Облыс орталығынан 345 шақырым жерде орналасқан Жұлдыз ауылындағы халық саны 615 болса, 18 жасқа дейінгі балалардың саны – 205. 1991 жылы пайдалануға берілген мектептің бұрынғы ғимараты апатты жағдайда деп танылған. Пайдалануға берілген жаңа ғимаратта 11 оқу кабинеті бар, 4 интерактивті тақтамен жабдықталған. Сонымен қатар, 2 шеберхана, 1 информатика кабинеті, спортзал, кітапхана және 20 орындық оқу залы, 35 орындық акт залы, 40 орындық асханасы бар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мектеп бейнекамералармен қамтамасыз етілген.

Казталов ауылында 600 орынға арналған мектептің құрылысы 2020 жылы басталды. Мектеп құрылысының басталуы пандемия кезеңіне тап келді, осыған байланысты мердігер компанияда жұмыс күштерін ұйымдастыру мен қаржылық қиындықтар туындады. Қазіргі таңда құрылыс басқармасы мен аудан әкімдігінің басшылығы күнде әлеуметтік нысанның басында. Мектепті пайдалануға беру биылғы 1 қарашаға жоспарланып отыр.

2022 жылы су тасқынынан зардап шеккен Қаратөбе ауданы Шалғын ауылында 60 орындық мектеп құрылысы басталды. Биыл міндеттемесін орындай алмаған мердігермен келісімшарт бұзылды. Конкурс жарияланып, жаңа мердігер анықталды. Бұл оқу орны да жыл соңына дейін тапсырысқа беріледі.

2020 жылы Орал қаласындағы 400 орынға арналған №31 мектептің құрылысы бойынша жұмыстар жеке инвестормен басталды. Жобаға түзетулер енгізу, жер учаскесінің сәйкес-



Айгүл МЫҢБАЕВА,

Батыс Қазақстан облыстық Білім басқармасының басшысы:

БІЛІМГЕ ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ ӨЗІН АҚТАЙДЫ

сідігі секілді түрлі себептермен мектеп құрылысының мерзімі 3 жыл бойы созылып келеді. Облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің тікелей араласуымен аталған мектептің жер учаскесі мемлекетке қайтарылды. Қазіргі таңда облыстық құрылыс басқармасы нысан құрылысын бастау мақсатында білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолдап, шешімі күтілуде.

Бөкей Ордасы ауданы Хан ордасы ауылының Жәңгір хан атындағы мектепті күрделі жөндеуге 2022 жылы қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу процедуралары өткізіліп, мердігер анықталған болатын. Алайда жыл соңына дейін жөндеу жұмыстары аяқсыз қалды. Тапсырыс беруші мердігерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа беріліп, талап арыз қанағаттандырылды. Дегенмен, жөндеу жұмыстары жалғастырылып, жергілікті атқарушы органның бақылауына алынып, жаңа 2023 оқу жылы қарсаңында мектеп ашылады.

Казталов мектеп-лицейінің ғимаратын күрделі жөндеуге 2022 жылы қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу процедуралары өткізілді. Тапсырыс беруші мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап арыз берді. Алдын ала әңгімелесу барысында сот объектіні аяқтау бойынша бітімгершілік келісімге келуді ұсынды. 2023 жылдың ақпанында тапсырыс беруші мен мердігер арасында бітімгершілік келісім жасалып, жұмыстар жалғастырылды. 2023 жылдың 1 қыркүйегінде күрделі жөндеуден кейін мектептің ашылуы күтілуде.

– **Білім ошақтарының дер**

кезінде ашылмауына мердігерлер кінәлі болып тұр ғой?

– Иә, жауапсыз мердігерлер көп. Мысалы, дарынды балаларға арналған №8 облыстық мамандандырылған мектеп-лицейін күрделі жөндеу 2021 жылы басталған болатын. Өндірістік жұмыс кестесінің бұзылуына байланысты мердігерге қатысты сотқа шағым түсірді, нәтижесінде 2023 жылдың наурыз айында сот тапсырыс берушінің шартты бұзу және мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырды. Тапсырыс беруші мердігермен шартты бұзып, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізді. Оқу үрдісі 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Орал қаласының орталығында орналасқан бұрынғы эстетикалық бағыттағы гимназия ғимаратында ыңғайластырылып, ұйымдастырылуда. Нысандағы жұмыстардың тоқтап тұрғанына 6 айдан астам уақыт өтуіне байланысты тапсырыс берушімен заңға сәйкес қайтадан техникалық тексеру жүргізуге шаралар қабылданып, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін қорытындының нәтижесі күтілуде.

Ақжайық ауданы Базартөбе кентіндегі мектеп ғимаратын күрделі жөндеуге 2022 жылы қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу процедуралары өткізіліп, тамызда басталып, желтоқсан айында аяқталуы тиіс болатын. Келісімшарттағы мерзімдер мердігер тарапынан сақталмағандықтан сотқа шағым түсіріліп, 2023 жылы 20 наурызда, кейін 29 маусымдағы мердігердің апелляцияға берген сотта да тапсырыс берушінің шартты бұзу және мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырды. Дегенмен, мердігердің жөндеу жұмыстарын аяқтау бойынша тапсырыс берілді.

тысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырды. Дегенмен, мердігерге 2023 жылдың қараша айына дейін күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау бойынша тапсырма берілді.

Дәл осындай жағдай 2022 жылдан созылып келе жатқан Бәйтерек ауданының Чуваши және Раздольный мектептерінің күрделі жөндеуінде де көрініс тауып отыр. Мердігердің жауапкершілігінің төмендігінен жөндеу жұмыстары ұзаққа созылып, сот процестерімен жалғасты. Аталған мектептерді жөндеу жергілікті атқарушы органдардың қатаң бақылауында, күрделі жөндеуді жаңа оқу жылының екінші тоқсанында аяқтау жоспарлануда.

Жөндеу жұмыстары аяқталмаған білім беру ұйымдарында оқу процесі ауылдық клуб, жатақханалар, мектеп-интернаттар, ауылдық әкімдіктер сияқты басқа әлеуметтік нысандарда ұйымдастырылады.

– Мектептердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қандай деңгейде?

– Ағымдағы жылы білім беру мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 511 млн 980 мың теңге қаражат бөлінген. Білім мекемелері толықтай бейнебақылау камерала-

тық қорғау органдарының қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар белсенділік танытуда.

Облыс бойынша 2023 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы негізінде жалпы білім беру қорынан аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету, яғни мектеп формасын, оқу құрал-жабдықтарын сатып алу үшін барлығы 372,6 млн теңге қарастырылды. Бүгінгі таңда 6744 оқушыға жалпы сомасы 224,8 млн теңгеге ата-аналардың қарт-шоттарына аудару арқылы 40 567 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Жоғарыда аталған қаулыға сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балаларға; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға; білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санат-

тарына жататын білім алушыларға материалдық көмек беріледі. Сонымен қатар ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды тегін ыстық тамақпен қамту үшін бюджеттен 238 млн теңге бөлінді.

– **Жаңа оқу жылында білім алушыларға оқулық жете ме? Педагог кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі қалай шешілуде?**

– 2023–2024 оқу жылында оқушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік нұсқаулықтар қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 1 млрд 845 млн теңге бөлінді. Оның ішінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтар сатып алуға 1 млрд 483 млн (637 767 дана), тасымалдау қызметтеріне 32 млн тг бөлінді.

Кадр мәселесіне келсек, облыстың білім беру ұйымдарында 15104 педагог жұмыс істейді, 12731 немесе 84,2% – жоғары білімді, оның ішінде 478 ұстаздың магистр дәрежесі бар (3,16%). Облыс бойынша жаңа форматта аттестаттаудан өткен педагог саны – 10245 немесе 67,8%. Облыстың білім ошақтарына 94 мұғалім, оның ішінде қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, математика, бастауыш сынып мұғалімі және тәрбиеші (орыс тілінде), педагог-психолог, логопед, дефектолог мамандықтары сұранысқа ие.

2023 жылы өңірдің жоғары білімі бар кадрларға мұқтаждығын ескере отырып, жергілікті қаражат есебінен тағайындалған білім беру гранттарының ішінде 22-сі педагогикалық мамандыққа бөлінген.

– **Мазмұнды әңгімеңізге рақмет! Жаңа оқу жылында жетістіктеріңіз мол болсын!**

Сұхбаттасқан Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

24 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

ҚР Конституциясы күніне орай Теректі ауданына қарасты Шаған ауылдық округінің орталығы Жаңаөмір ауылында 24 пәтердің кілті табыстады. Шағандағы қуанышқа БҚО әкімі Нариман Төреғалиев ортақтасып, баспаналы болған теректіліктерді құттықтады.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Теректі аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің тапсырысы негізінде бой көтерген тұрғын үйді салуға 260 млн теңге қаражат жұмсалған. Құрылыс сегіз ай көлемінде жүріп, «Эврика» ЖШС сапаға жұмыс жасауға тырысқан. Жаңа пәтер кілттері жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы отбасыларға, мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлеріне, әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтар, толық емес отбасылар, ерекше балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларына ұсынылды.

Елімізде баспананы қолжетімді ету – Үкімет пен жергілікті әкімдіктер тарапынан жүзеге асырылып жатқан маңызды жоспарлардың бірі. Халықпен әр кездесуде жиі

көтерілетін баспана мәселесі біртіндеп оң шешімін табуда. Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекет халықты тұрғын үймен қамту бағытында түрлі бағдарламаларды жолға қойып, жүзеге асыруда. Мемлекеттік бағдарламалар аясында екінші деңгейдегі банктер арқылы да көптеген жерлесіміз жеке үйіне ие болуда. Баршаның бүгінгі қоныс тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Жаңа баспаналарыңыздың іші

Қоныс құтты болсын!



қуаныш пен шаттыққа толсын, – деді өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы.

Ата Заңымыздың мерекесі күні жаңа пәтердің кілтін қолына ұстап тұрған көп балалы ана Жамал Исполова да қуанышын жасырып қала алмады. – Расы керек, бүгін отба-

сымыз үшін ең қуанышты күн. Пәтер кезегінде тұрғанымызға он бес жылдың шамасы болды. Өзім алты баланың анасымын. Енді менің балаларым өз үйінде асыр салып, алаңсыз балалық шағын өткереңді. Халыққа қолайлы жағдай жасау бағытында еңбектеніп

жатқан Мемлекет басшысына, сонымен қатар облыс және аудан әкімдігіне аналық алғысымды айтамын, – деді көпбалалы ана.

Айта кету керек, облыс әкімі Нариман Төреғалиев осы көп балалы Жамал Исполованың шаңырағында болып, алты бала тәрбиелеп отырған алтын құрсақты анаға су жаңа кір жуатын машинаны сыйға тартты.

Жаңа пәтердің кілтін қолына ұстаған теректіліктерді құттықтағандардың қатарында аудан басшысы Әлия Мұханбетжанова, аудандық маслихат төрағасы Әлжан Нұрғалиев, «Эврика» ЖШС директоры Олег Тетера, Шаған ауылдық округі қоғамдық кеңесінің мүшесі Мұхамбетқали Бекжанов болды.

А. ҚҰСАНОВА

ПОЛИЦЕЙЛЕР ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАН ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің жиыны өтті. Қайырбек Сүлейменов төрағалық еткен жиында полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеті талқыға түсті. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісін тіркеу үшін полиция қызметкерлерінің 21 жасқа толмаған жастарды үгіттеп, алкоголь сатып алуға итермелейтін фактілері бұған дейін бірнеше рет кездескен болатын.



Аталмыш мәселе қаншама уақыттан бері кәсіпкерлердің шамына тиіп жүр.

«Полиция қызметкерлерінің 21 жасқа толмаған жігіттерді бір дүкеннен екінші дүкенге барып, алкоголь өнімін сатып алуға жібергені бойынша фактілер тіркелген. Осылайша құқық бұзушылық жасалды. Демек, полиция қызметкерлері осындай заңбұзушылықтарға демеуші болып отыр. Осы жайт жемқорлық қатерін тудырады», – деді Бөлшек сауда және қоғамдық тамақтану қауымдастығының өкілі Ольга Егорова.

Жиында 21 жасқа дейінгі және түнгі уақытта алкоголь өнімдерін сатуда әкімшілік құқық бұзушылықты тіркеу үшін, полиция қызметкерлерінің оқиғаны әдейі қолдан жасауы заңсыз екені алдыға тартылды. Тіпті, бұндай әрекеттер жемқорлыққа алып келетін негізгі фактор. Полиция органдары факті бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын тек қылмыстық істерді ашу және жолын кесу үшін ғана қолдануы керек. Ал осындай шараларды қолдана отырып, азаматтарды құқық

бұзушылықтар жасауға итермелеу «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңды бұзу фактісі екені ескерілу керек.

«Полицейлердің бірінші кезектегі міндеті азаматтарды қорғау, қоғам, мемлекет мүддесін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан сақтау. Дей тұрғанмен, полицияның жекелеген қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға бастамашы болуда», – деп атап өтті Қайырбек Сүлейменов. Ішкі істер министрлігі бұл оқиғалардан хабарсыз болғанын және алдағы уақытта тексерістер мен тиісті шаралар жасалатынын айтып, уәделерін берді.

«Жыл сайын кәсіпкерлердің үстінен заңсыз әкімшілік іс жүргізу тұрақты өсіп келеді. Ал жоғары тұрған және қатағалаушы органдар тарапынан тиісті әрекет жасалып жатқан жоқ. Қылмыстық процесте, конституциялық құқықты бұзғаны үшін, прокуратура органдары кәсіпкерлерге ең ауыр талаптар қояды. Ал әкімшілік іс жүргізуде негізгі кәсіпкерлердің құқығын бұзған шеңберіне жазалаудың ең төмен

шарасы да қолданылмайды» дейді жиындағы өкілдер.

Аталған мәселе бойынша редакциямыз 26 адамнан тұратын фокус топтан шағын сауалнама алды. «Полиция қызметкерлерінің сатушыларды тексеру үшін 21 жасқа толмаған жастарды шектеу қойылған өнімдерді сатып алуға әдейі жіберуі қаншалықты дұрыс?» деген сауалымызға, қатысушылардың 50% дұрыс емес, 37% жауап беруге қиналамын, 17% дұрыс деп жауап қатты.

Кеңес барысында ИМ, Бас прокуратура, Жоғарғы Сот және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне бірқатар ұсынымдар айтылды. Мәселен, Кеңес ИМ-ге уәделік полиция инспекторларының қызметін реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге алкоголь, темекі өнімдерін өткізу және он сегіз жасқа дейінгі адамдарға ойын-сауық іс-шараларына қатысу жөніндегі заңнаманың сақталуы бойынша тексерулер жүргізу тәртібін айқындайтын қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауды ұсынды.

Бас прокуратураға ӘҚБТК-нің 200-бабы бойынша әкімшілік іс жүргізуді қарау практикасын талдау, оңалту негіздері бойынша осы санаттағы істердің тоқтатылуының жоғары деңгейіне ерекше назар аудару; талдау қорытындылары бойынша әкімшілік іс жүргізуде кәсіпкерлердің конституциялық құқығының бұзылуына жол беретін лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға қатысты прокурорлық әрекет ету шараларын қабылдау ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Ішкі істер қызметкерлері тарапынан кәсіпкерлік қызметті заңсыз шектеу фактілерін анықтау үшін ӘҚБТК-нің 200-бабы бойынша тоқтатылған істерді зерделеу ұсынылды.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

Бүгінде әлемнің әлеуметтік қасіретіне айналған сыбайлас жемқорлық мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Осынау «бармақ басты, көз қысты» әрекеттер бүкіл мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулатып, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін құбылыс болып отыр.

«ТАРТУ-ТАРАЛҒЫ БЕРУ, СЫЙЛЫҚ ТАЛАП ЕТУ КЕЛМЕСКЕ КЕТУІ КЕРЕК»

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды тұлғалар себепті болады. Оның ішінде көп белең алатыны, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу қылмыстары жиі кездеседі. Бұл қылмыстар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте белгіленген. Қылмыстық кодекстің 15-тарауы мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар деп аталады. Аталған кодекстің 366-бабына сәйкес, пара алғандардың мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал, пара мөлшері өскен сайын, жаза ауырлай түседі. Сондай-ақ, елімізде пара бергендер де жазасыз қалмайды.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтың бірі. Бұл бағытта қолға алынып, жемісті жүзеге асырылған жұмыстар да жетерлік. Атап айтсақ, мемлекетіміз беделді халықаралық ГРЕКО ұйымына, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына мүше болды. Сондай-ақ, нормативтік актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу институтының жұмысы қайта жаңғырды. Тағы бір айта кетерлік, көп астындағылардың жемқорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте «Азаматтарымыз тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келіп отырған кезде сіз бен біздің істеп жатқан жұмысымыздың еш тиімділігі болмайды. Ешқандай халықаралық рейтингтің де керегі болмай қалатыны түсінікті. Түрлі тарту-таралғы беру, сыйлық талап ету, диплом сатып алу – келмеске кетуі керек. Бұл үшін қоғамда жемқорлықтан жаппай жиренуге қол жеткізуіміз қажет», – деген еді. Сондықтан, тамырын кеңге жайған кеселге «жұмылған жұдырықтай» қарсы тұрып, бүкіл қоғам болып күресуге тиіспіз.

Мәселен, соттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша тұрақты түрде дөңгелек үстел, семинарлар өткізіліп, ішкі қауіпсіздік бөлімі жұмыс жасайды. Одан бөлек, істер «Төрелік» ақпараттық бағдарламасы бойынша автоматты түрде бөлініп, сот ғимаратына кіру қағандық түрде бекітілген ережеге сай жүргізіледі. Сонымен қатар, соттардағы «Сот кабинеті» сервисі, сот процестерінің дыбыс-бейнежазбаға жазылуы адамдардың тікелей байланысын шектеп, сот төрелігінің қолжетімділігін арттырды.

Қорыта айтсақ, жемқорлықсыз қоғам үшін әрбір азамат сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысып, өз үлесін қосуға тиіс.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қаласының мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы

СУДЬЯ ӘДЕБІН САҚТАУ - ӘДІЛ СОТТЫҢ КӨРІНІСІ

Еліміздің сот жүйесі – әділдіктің бет-бейнесі. Сотқа жүгінуді тарап немесе құқықбұзушы болсын соттың істі жан-жақты және объективті қарап әділ шешім шығаруының куәсі болумен қатар, соттардың үлкен мораль мен ар-ожданнан иесі екендігін байқауы тиіс. Сондықтан сот төрелігін іске асыратын судьялар корпусы қызмет бабында және одан тыс уақытта жалпыға бірдей әдеп нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Осы тұрғыда 2016 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде судьялық Әдеп кодексі қабылданып, қолданысқа енгізілді.

Кодекс 15 баптан тұрады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерінің, БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарымен мақұлдандыған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидалары, судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау, үстемдікті құқық пен демократияның, сонымен қатар жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін жүріс-тұрыстың әдеп қағидалары белгіленген.

Кодексте судьяның мінез-құлқы принциптеріне ерекше көңіл аударылған. Атап айтсақ, 13-бапта судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидалары, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру мен судьялардың жүріс-тұрыс саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануға тиіс екендігі көрсетілген.

Кодекстің 4-бабында судьяның соттан тыс жердегі жүріс-тұрысы,

оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігіне қатысты қоғамның сенімін сақтауға ықпал етуі тиіс. Судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамаларда көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процестік емес байланыстарды болдырмауы тиіс. Өйткені, мұндай іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына күмәннің туындауына алып келуі мүмкін. Осы ретте Қазақстан Республикасы сот жүйесінің ерекшелігіне сай, судьялардың өндірістегі немесе аяқталған істер бойынша және басқа да мән-жайларға байланысты азаматтар мен заңды тұлға өкілдеріне жеке қабылдау жүргізуге құқығы жоқ. Сонымен қатар, судья сот қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіби көрсетілуіне ықпал етуге тиіс.

Судья бұқаралық ақпарат құралдарына істі қараудың процестік сатылары туралы мәліметтерді, қабылданған сот шешіміне түсіндірмелерді, материалдық және процестік



Забира АБЫЛАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда қалалық сотының
судьясы

құқықтың нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы ақпаратты бере алады. Егер судьяның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында оның беделіне негізсіз нұқсан келтіріліп көрсетілсе, онда өз құқықтарын қорғаудың өзге тәсілдері таусылған айрықша жағдайларда судьяға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау мақсатында құқық қорғау және сот органдарына жүгінуге болады.

Кодексте көрініс тапқан мәселенің бірі – судья сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне байланысты сыйлық, жеңілдік, артықшылықты, өтеусіз көрсетілетін қызметті өзі де алмағаны және отбасы мүшелеріне де, процестік тәуелді адамдарға да алуға рұқсат бермеуі керек. Бұл соттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың анық белгісі.

Жалпы алғанда әдеп кодексін берік ұстану – судьяның басты міндетінің бірі. Бұл құжат судьялар корпусын кәсіби және адами-әдеп жағынан нығайтудың құралы болуы тиіс. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей соты әділ ел – дамыған ел.

АЛАЯҚТАР АДЫМДЫ АШТЫРМАЙДЫ

Алаяқта аяушылық, жанашырлық, ұялу деген сезім болмайды. Олардың көздегені әркімді алдап, ақшасын иелену. Қармағына түскен жанның қаржысы қалтасына түскенше артынан қалмайтын алаяқтарды қолға түсіру де, қылмысын мойындату да оңай емес. Ең қиыны, алаяқтар жасаған залалдың орнын толтыру, материалдық шығынды қалпына келтіру өте күрделі. Тіпті, темір торға отырып, жазасын өтеген алаяқтардың алғанын қайтару жағы әлі де кемшін. Өйткені, алаяқтар ешқашан тапқанын өз есепшотында жинамайды. Заңның осал тұсын білетін олар сатып алған жылжитын, жылжымайтын мүлкін де туыс-туғандарының атына жазып қоятыны ешкімге жасырын емес.

Алаяқтар қай заманда да болған, қазір де бар, болашақта да жоғалып кететіні күмәнді. Фаламтор игілігін пайдаланушылардың көбеюі онлайн-алаяқтар санын арттырды. Қылмыскерлердің қалай әрекет ететіні, қандай айла-амалдарды қолданатыны туралы ақпарат күнделікті жарияланып, алданғандардың оқиғасы үнемі айтылып, көрсетіліп келе жатса да қапы қалып, барынан айырылып жатқан тұрғындар қатары азаймай отыр.

Сот тәжірибесінен көріп жүргеніміздей, алаяқтар банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері ретінде өздерін таныстыра отырып, азаматтарға қоңырау салады. Азаматтардың ақшасын қорғауға көмектесетін қарапайым қауіпсіздік ережелерін еске салады. Оларға керегі – азаматтардың жеке деректері, қаржылық операция

жасауға көмектесетін мәліметтер. Мұндай мәліметтер қолға түссе болды, алаяқтар лезде бірнеше банктер онлайн-несие ресімдеп, аңқауларды сағға отырғызып кете барады.

Жалпы, банк менеджерлері клиентке өздері бірінші болып телефон шалмайды. Сондықтан егер бейтаныс нөмерден хабарласқандар шотыңыздағы түсініксіз транзакцияларды бұғаттау үшін SMS-пен келетін кодты сұраса, әңгімені доғарып, банкпен байланысқан жөн. Өзінің дербес деректерін, оның ішінде ЖСН, ЭЦҚ, картаның сырт жағындағы CVV-кодты белгісіз адамдарға айтып алып, картасындағы барлық ақшадан айырылғанда банкке хабарласатындар жетерлік. Бұл кезде алаяқтардың ізін табудың өзі қиынға түседі.

Алаяқтардан сақтану үшін қарапайым қауіпсіздік қағидаларын есте сақтаған жөн. Қандай жағдайда да парольді, кодтарды немесе төлемдерді растау үшін пайдаланатын өзге де конфиденциалды деректерді ешкімге айтпау керек. Жеке басты растайтын куәлікті немесе паспортты ешкімге беруге болмайды. Құжаттың суретін әлеуметтік желілерге жария ету де қауіпті. Сондай-ақ күмәнді интернет-ресурстарда тіркелуге және осылайша, жеке деректерді бейтаныс адамдарға беруге болмайды. Сосын соңғы кезде интернет магазиндерге алдын ала төлем жасап, не ақшасыз, не тауарсыз қалатындар санының да артқанын айта кету керек.

Теміржан ҚҰДАБАЕВ,
Наурызбай аудандық
сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



БІТІМГЕ КЕЛГЕННІҢ ІСІ БЕРЕКЕЛІ

шашыласыз. Үшіншіден, екінші тараппен – туысыңыз, досыңыз, қызметтесіңізбен сыйластыққа, әріптестікке нұқсан келеді.

Сотқа бармастан бұрын ақылға келген жөн. Өйткені, сот табалдырығын аттағаннан кейін, кейбіреу ашуды ақылға жеңдіріп, өзара келісімге келіп, дауды шешуге болар еді ғой деп өкініп жатады. Ең дұрысы – татуласу, келісу, бітімге, бір мәмілеге келу. Одан екі жақ та ұтады.

Сот дау бойынша тараптарды татуластыруға көмек көрсетуге міндетті. Қазіргі таңда азаматтар соттағы және соттан тыс медиацияның, партисипативтік рәсімнің және татуластыру келісімінің арқасында бітімге келе алады.

ҚР Азаматтық процесілік кодексінде татуласу рәсімдеріне арнап арнайы «Татуласу рәсімдері» деп аталатын 17-тарау қарастырылған.

Кодексте Татуласу рәсімінің 3 түрі көзделген.

Олар: 1) татуласу келісімі, 2) медиация келісімі (дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу),

3) партисипативтік келісім (дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу).

Аталған келісімдердің бәрі де сотпен бекітіледі және әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім – медиатордың (кәсіби немесе кәсіби емес) немесе сотта медиацияны судья өткізу арқылы жасалатын келісім.

Медиатордың көмегімен медиация жасау: сот тараптардың медиациялық келісімінің шарттарын талқылауға қатыспайды. Соттың бекітуіне тараптардың арасында медиатордың (кәсіби немесе кәсіби

емес) қатысуымен жасақталған шарт ұсынылады.

Сот медиациясы: Медиацияны өткізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Судья медиацияны «Медиация туралы» ҚР заңына сәйкес өткізеді.

Сот тараптардың өтінішхаты бойынша медиация рәсімін АПК-нің 150-бабының бірінші бөлігінде, осы баптың төртінші бөлігінде белгіленген мерзімдер шегінде кейінге қалдыруға және егер басқа тұлғалардың қатысуы дауды (жанжалды) реттеуге ықпал ететін болса, оларды медиацияға шақыруға құқылы.

Егер тараптар талап қою қабылданғанға дейін судьяның жәрдемдесуімен дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе, іске қатысы бар материалдар осы кодекстің 35-бабының жетінші бөлігінде көзделген тәртіппен басқа судьяның қарауына беріледі.

Тараптардың келісуімен істі медиацияны өткізген судья қарауы мүмкін.

Бірінші сатыдағы сотта медиация өткізу үшін іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан

судья өткізуі мүмкін. Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде істі одан әрі қарауды тараптардың келісуімен осы судья жалғастыруы мүмкін.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім – екі тарап адвокаттарының не заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдардың дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасындағы келіссөздер жүргізу арқылы өткізілетін рәсім. Партисипативтік келісім судьяның қатысуынсыз жасалады.

Медиатор – қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым.

Қазақтың мақал-мәтелдерінің өзі осы бітімге, татуласуға қатысты. Мысалы, «Жақсы даудан, жаман бітім артық», «Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі». «Елдістірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей, бүгінгің медиаторларының араласуымен қырғиқабақтық жойылып, адамдар арасында тату-тәтті, жылы шырайлы қарым-қатынас орнап жатса, қоғамдағы ахуал да жақсара түсері сөзсіз.

С. АМАНТАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӨРТҮРЛІ

8. «Торғай Амангелді» ЖШС (БСН 040440025155) қатысушыларының бастамашыл тобы Серіктестік қатысушыларына 2023 жылғы 21 қазанда сағат 10.00-де ҚР, СҚО, М.Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылы, Школьная көшесі, 2 мекенжайындағы мектеп ғимаратында «Торғай Амангелді» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібінде: 1. Қатысушылардың нақты жер учаскесін (жер пайын) бөліп алу арқылы «Торғай Амангелді» ЖШС-нің құрамынан шығуы; 2. Бөлінетін нақты жер учаскесінің орналасқан орнын анықтау. Жиналыс өтпеген жағдайда, 2023 жылғы 28 қазанда сағат 10.00-де сол орында сол күн тәртібімен қайтадан өткізіледі. Байланыс телефоны: +77055039700 (WhatsApp).

9. «ВЦМ Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органы орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протазанов атындағы көше, 121) Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес, 2023 жылғы 3 қазанда сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протазанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша «ВЦМ Инвест» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2023 жылы 3 қазанда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2023 жылы 2 қазандағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:
«ВЦМ Инвест» ЖШС ерікті тарату туралы;
«ВЦМ Инвест» ЖШС тарату комиссиясын тағайындау;
«ВЦМ Инвест» ЖШС тарату жоспарын бекіту туралы.

Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2023 жылы 17 қарашада.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «ВЦМ Инвест» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

13. «МКҰ Kponos Credit» ЖШС Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» заңының 7-бабы 2-бөлігі 1-тармағының талаптарына сәйкес, өзінің қарыз алушыларына заңды мекенжайының жаңа мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: индекс 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 21 Б үй, 42А, кеңсе (Бизнес орталығы «SAT»).

14. Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұбанов көшесі, 21 үй, 69 пәтер мекенжайында тұратын Файзуллина Гульнара Ришатқызы Астана қаласының Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына 26.11.1950 ж.т., Башқұртстан, Новоказанка қаласының тумасы, азаматша Файзуллинаны (Нигмадзянова) Гульфия Минигалимовнаны қайтыс болған деп тану туралы арызбен жүгінді. Файзуллина (Нигмадзянова) Гульфия Минигалимовнаның, 26.11.1950 ж.т., тұрғылықты жері немесе өзге де мәліметтері бар тұлғалардың бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш айдың ішінде Астана қаласы, Гейдар Әлиев көшесі, 6 мекенжайы бойынша орналасқан Астана қаласының Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына хабараласулары сұралады. Телефон: 8(7172)559879, 87719617374.

ТАРАТУ

2. ««ОУ»» ЖШС (БСН 220240041019) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда обл., Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Сыдық Байкөбеков көшесі, 4 үй.

3. «ВестТехно» ЖШС, БСН 170540010236 (Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 43А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бұқар жырау көшесі, 40 үй, 70 пәтер. Тел.: 87018885380.

4. «Хим - Трейд» ЖШС, БСН 020140001758 (Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 6 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әуезов көшесі, 55-47 үй. Тел.: 87015508030.

5. «Amely Stroy» ЖШС, БСН 211140004319, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ұлы Дала даңғылы, 56 үй, 138 пәтер, индекс 010000. Тел.: 87773104213.

6. «TemirHan 01» ЖШС, БСН 190840014233, заңды мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 3 үй, 348 пәтер (нақты мекенжайы: Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 33 үй, 348 пәтер, индекс 010000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 33 үй, 348 пәтер, индекс 010000 (бұрынғы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 3 үй, 348 пәтер). Тел.: 87019531870.

7. «Жарлы 2021» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 211240004618, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ақтай ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 9 үй.

10. 2023 жылғы 31 мамырдағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №93-3965 хаты және 2023 жылғы 9 маусымдағы Абай облысы, Бесқарағай ауданы әкімдігінің №172 қаулысына сәйкес, «Абай облысы, Бесқарағай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Сейфуллин көшесі, 159. Тел.: 8(72236)90185, 91721.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzanreklama@mail.ru

11. «Микрофинансовая организация «The Money» ЖШС (БСН 210840025919) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Алматы ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 17 үй, 55 пәтер, пошта индексі 010000.

12. «B-Trade Astana» ЖШС, БСН 220440024978, заңды мекенжайы: Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұмай Ана көшесі, 15 үй, 49 пәтер, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: 87052793577.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/WhatsApp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Любаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. ал-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Кеше түндегі естіген оқиғамды ұмытып қалмайын деп бірден жазып отырмын. Таңғы беске қарай клубтан шығып, үйге келе жатқан кезде дыбыстық жазбаға да жазып алғам. Бірақ ондағы дауысым, бірде естіліп, бірде естілмей, көмескі шығыпты. Оның үстіне, жол бойы құсып келдім. Кеше клубта не ішкенім есімде жоқ. Шамасы біраз сілтеп қойсам керек. Үйге келсем пәтерімді біреу астаң-кестеңін шығарып кетіпті. Сақтап жүрген ретро журнал-газеттер түгел жыртылған. Қабырғада қара бояумен жазылған белгісіз біреулердің аттары. Ең сорақысы, ас үйде химиялық заттарға арналған тосаптар тау болып үйіліп жатыр. Сосын мұздатқыштағы төрт шелек шошқаның майы. Химиялық қосындыларға қарасам құртыршықты мен нитроглицеринді қосып, жарылғыш зат жасағысы келген. Ал майдың не үшін қажет болғанын түсіне алмадым. Полицияға хабар бердім. Олар келгенше...

Жә, әңгіме онда емес. Бірден кешегі оқиғамға көшейін.

Апта соңы болған соң, жұмыстан шығып, сәл сергін деп Астанадағы жергілікті барға кірдім. Бар дегенім жартылай кешкі клуб екен. Бір жағында би алаңы, екінші жағында сыраhana үстелі. Костя деген бармен жігіт қуана қарсы алды. Бес күндік газет жұмысы әбден титықтатып жіберген, сыраны сіміре жұттым. Бойым босап, сыра өз орнына қонғаннан кейін, жан-жағым барлай қарадым. Ондай кезде әңгімеге құмармын. Жалпы ішімдіктің сиқыры сол ғой, сені мына қоғамнан бөліп тастайтындығымен ерекше. Ағылшын детективіндегі мәйіт сияқты. Бақсам, ұзын сыраhana үстелінде жауырындары күрдейіп, төрт-бес еркек отыр. Әрқайсысы өзінше жалғыз. Біреуі менің психотерапевт дәрігеріме ұқсайды екен. Маңдайында үш әжім сызығы, желкесі терлей береді. Терлеген сайын сүртетін арнайы алқызыл орамалы бар. Маған ол дәл менің дәрігерім сияқты сөйлейтіндей көрінді. «Ұйқы режимін сақтаныз. Түнде көп жұмыс істемейсіз. Әйтпесе жүйкеңіз шыдамайды».

Дәрігерге барғаным көп болған жоқ. Әрі кетсе бір-ақ апта. Қыс бойы түнде жұмыс істеймін деп, ұйқысыздыққа шалдыққам. Енді қайта ұйқы тәртібімді реттеу керек. Сол үшін ғана...

Қасыма қоңыр түсті «Dolce» сөмкесі бар қыпша бел, сарғыш шаш, сұлу әйел жайғасты. Ерніне жаққан қызыл далаптың исі ма, жоқ әлде сылдырлаған жылтыр көйлегінің исі ма, жаңа жағымды самал әп-сәтте мұрныма қытықтап өтті. «Бұл иіссу емес» дейді ішім күбірлеп. Не үшін олай ойладым екен, білмеймін. Бірақ бұл иіссудан да бөлек бірнәрсе еді. Иіссудан бәрібір спирттің қосындысы шығып тұрады. Бәлкім жақпа май. Жақпа май да мұндай емес. Бұл бөлек нәрсе...

Жас жігіттің іші неге пысып отыр екен? – деді ол өзіне лонг-айлендке тапсырыс беріп.

Жас еместің, – дедім мен сыртыманн көрі көрінетіндімді алға тартып. Оның үстіне сақал қырмағаным үшінші апта.

Олай емес. Әрі кетсе жымыра алтыдасың, – деді ол жымып. Дәл тапты. Жымыра бестемін.

Мен төлеймін, – дедім мен барменге ескертіп.

Өзі джентльмен! – деді әйел бұл қылығыма разы болып.

Оқасы жоқ! Сәл үнсіздік. Сөйлесетін адам табыла қалып еді, аузым жабылып қалды. Менде үнемі солай.

Немен айналысасыз? – деді әйел өзі сөз сурьртақтап.

Журналистпін. – О, керемет. Каналда? – Жоқ. Газетте.

Жазушы-журналиспін деңіз. – Солай десе де болады. Өзіңіз? Музыка қосылып кетті де, сұрағымның соңы естілмей қалды.

Айтсам сенбейсіз. – Сенбейтін дүние қалды ма бұл өмірде. Құдайдан басқа, – дедім даусымды қаттырақ шығарып.

О, керемет. Маған сіздің астарлап сөйлегеніңіз ұнап жатыр... Өз зауытым бар. Сабын зауытым...

Сабын жасайтын зауыт па? Музыка жаңғырып естітер емес. «Жүріңіз» дегендей ол қолымен ымдады. Біз темекі шегетін бөлмеге барып әңгіме жалғадық.

Қай жердегі зауыт? – дедім мен журналистик әдетіме басып.

Кешіріңіз. Мен сұхбат бермеймін, – деді ол қайта жымып.

Жымиса бетіне бедерлене кететін қос ойығы – әйелдің ең сұлу деталі ма деп қалдым. Күміс кездікпен ойып салғандай нақыштанып тұр.

Бәсе, салған жерден иіс суыңыз арбап еді. Иіссу емес, сабын деңізіші.

– Сабын дегенде қалай... анау айтқандай сабын емес. Білесіз бе, әйелдер еркектің барлық қателігін кешіреді. Тек иіссу мен сабын иісін бірдей деп айтқанға дейін, – деді ол темекісін басып өшіріп.

Біз клуб сыртындағы жазғы алаңқайға шықтық. Тамыз кеші талықсып, болмашы салқын самал еседі. Іштегі музыканың тарсылдаған даусы қорыққан кездегі жүрек даусы сияқты, құлақ астынан ғана естіледі. Жұмыстан шаршаған адамдар автобуста, сүлесок кетіп барады. Олар айқышқа шегеленген Иса мен оның серіктерін есіме салды.

Біз оңашада тұрған ағаш үстелге жайғасып, әртүрлі тақырыпта әңгіме қаузадық. Маған оның күлгені және шылым шеккен кездегі бір сәт ойлануы қалатын бейнесі ұнады. Қазір қалада жанұя жағатын дүниені кездестіру де сирек ғой. Адамды ештеңеман таңғалдыра алмайсың.

МЕН КІММІН?

– Сонымен, маған сіздің кәсібіңіз қызық боп тұр, – дедім мен үш шишаны босатқаннан кейін. Ол да беті қызара түсіп, әңгіменің шиеленісер тұсына келгенбіз.

– Маған да сіздің мамандығыңыз қызық. Жазушылық... – деді ол қып-қызыл еріндерін тістеп, – Давай, былай істейік. Мен сізге өз кәсібім туралы ең қызық нәрселерді айтам, сіз де маған солай айтып бересіз.

– Бізде не қызық болуы мүмкін... – Т-с-с! – деді ол саусағыммен ернімді басып, – ерқанан бір қызық табуға болады... Және ең соңында ғана аты-жөнімізді айтамыз.

Осы сәтте ғана оның әлі атын сұрамағаным есіме түсті. Қалай бір сағат бойы әңгімелесіп, атын сұрамауға болады. Бір қызығы сол – ол да менікің сұрамапты. Соған қарағанда бір ойлағаны бар шығар. Адамның атын білу міндетті емес ғой. Қазір кім кімнің атын сұрап жатыр дейсің. Кездесесің, қоштасасың... Қалыпты дүние. Осылай деп өзімді жұбатып қойдым. Ол орнынан баяу тұрды да, сахнада тұрғандай бір-екі рет ізет көрсетті.

– Әңгімеңізді «Сенем – сенбеймін» деген ойын форматында өткізсек қалай? – деді ол тағы иіліп.

– Түсінбедім? – Мысалы... Сіз сенесіз бе... Сәл үнсіздік. Ол басын ұстап тұр.

– Сіз сенесіз бе, менің он алты адамды өлтіргеніме?

Осыны айтты да, ол қайта орнына келіп жайғасты. Әлгі екі арада қайта есін жиып алғандай, маған сынай қарады. Ойын басталып кеткен сияқты.

– Жоқ, әрине. – Бинго! Бұл шынымен солай... Бір факты кетті... Сенің кезегің...

Ол куизде отырғандай үстелді тарс еткізді. Мен ештеңе түсінбеген. Сыртыманн сондай біртүрлі көрінсем керек, ол күліп жіберді.

– Рас па? – дедім мен оның жүзіндегі сабырлықты көріп.

– Бұл үжге екінші факт болады... сенің кезегің...

Ол алдындағы сыраны түбіне дейін сіміріп салды. Мен не дерімді білмей, қипақтап отырмын. Ойыма ештеңе түсер емес.

– Біздің бастықтың екі көңілдесі бар. Соған сенесіз бе? – дедім әлдебір уақытта.

– Сенем. Бірақ бұл есек. – Зато қызық факты ғой. Менің жұмысыма қатысты. Ереже бұзылып тұрған жоқ.

– Жақсы. Есеп бір де бір... Сіз сенесіз бе, жаңағы он алты адамның барлығын сабынға жаңа иіс алу үшін өлтіргеніме?

Оның көздері қызарып кеткен. Жаңағы мен көрген әсем күлкіден бір де бір із жоқ. Дәл бір басқа адам сияқты. Кеш тоңазы бастады. Денемді белгісіз бір салқын леп сипап өткендей болды. Үнсіз отырып қалғаным есімде. Тақырыпты бекер қозғадым ба екен. Әлде әзілдеп отыр ма.

Ойым астаң-кестең. Бәлкім масая бастаған шығармын. Бірақ масайсам оның сөздерін естімейтін едім ғой. Әзірге бәрі дұрыс.

– Таң қалмаңыз, – деді ол арқасын кеңге салып. – Сіз ойлануы алғашша өз өміріңнен шағын аннотация келтіре отырайың.

Осылай деді де, ол сөзін бастап кетті.

«Бәрі жеті жасымда басталған болатын. Ол кезде біз Павлодар қаласының, Қызылжар дейтін ауылында тұрдық. Әкем қарапайым шаруа адамы. Мал бағатын. Мен әкемнің жалғыз қызы болдым. Содан ба, үнемі көршінің екі қызымен бірге ойнайтынмын. Әсіресе, екінші қызы менімен түйдей жасты. Әсия екеуіміз жақсы құрбы болдық. Ол сондай мейірімді еді. Үнемі маған қамқор болып жүретін. Бір күні, осындай ғажап тамыз кешінің бірінде сайдан сиыр айдап келе жатып, шөп ара-

сынан қаптаған қарғаларды көрдім. Олар қарқылдап, айналаны басына көтеріп, әлденеге жанұшыра таласып жатты. Барсам, сіз сенбейсіз... (осы сәтте ол екі бетін ұстап, рөлге кірді) жан құрбым Әсия жатыр. Екі көзін шоқып кеткен... Кейін белгілі болғандай, оны ауылдағы Саша деген бір педофиль өлтіріп кетіпті...»

Ол шылымын тамызып, белгісіз бір жақтарға ұзақ қарап отырды. Қаланы түн басып келеді.

– Сіз сенесіз бе, мен өз жұмысымды ұнатпаймын, – дедім мен, оның айтып отырған дәйектеріне шүбә келтірместен.

– Сенемін. Бірақ бұл факты емес. Бұл – шындық. Шындығыңыз үшін қабылдай салайын, – деді ол темекісін көз алмай.

– Тағы менің кезегім бе? – Ол мырс етті. Менің ойыма «Фаустағы» Мефистофельдің бір сөзі оралды: «Мен жамандық жасаймын деп, жақсылық

өз иісін емес, жай ғана иллюзиясын. Біз құлпынайды жеген кезде 400 мың жасуша қосылып, бізге сол дәмді имитациялайды. Ал, жаңағы екі қосынды тек түпсанадағы сол дәмге иллюзия жасайды. Әлем иллюзияға толы. Біз иіспен өзімізді де, өзгелерді де алдаймыз.

Сөйтіп мен жоғары білімнен 90-жылдары Қазақстанға келдім. Журналист ретінде ол кездегі елдің халін менен жақсы білетін шығарсың. Әкем мал соңында жүріп қайтыс болған. Тірісінде бір жақсылық жасағым келіп еді, үлгермедім. Өз қиялыммен әлемді кезіп жүріп, өмірдегі ең жақын адамның қабірін сипап қалдым. Бірақ бұл да мені өз мақсатымнан айныта алмады. Сол бір аумалы-төкпелі шақты пайдаланып, иіссу шығаратын фабрика аштық. Маған демеушілер табылды. Тек менің өз жасаған істеріме көңілім толмады. Қалай айтсам екен... ол кездегі иіссулар

жеке-жеке айтып отырғаным кешірім сұраймын. Сізбен салыстырғанда мен өз ісімді сондай жақсы көремін, сол үшін нақтылап жатқаным ғой. Әбес көрмеңіз...»

Араны ұзақ үнсіздік жалғады. Ол мені көзімен атып отыр. Жарты сағат бұрын ғана бір-бірін түсінетіндей табысқан екі адам, енді аңдысып отырмыз. Өз ойыма өзім сенсе алар емеспін. Қырсыққанда телефоным да өшіп қалыпты. Аудио-жазбаға ма жазып алу керек еді. Шынымен де Францияда болса, ұзақ уақыт бұл саланы зерттесе, иіс жайлы бәрін білетін болғаны ғой. Түсім бе, өңім бе?

Ол «дәретханаға барып келейін» дегендей көзімен ымдады. Қыз кете бере орныманн көтерілгенім сол еді, денемді басқара алмай, қайта орныма сылқ еттім. Аяқ-қолымнан жан кетіп барады. Дәл бір ұйқыда бастырылып жатқандаймын. «Бұл не?! Кім істеді?! Неге мен тұра алмаймын? Не болып жатыр?»

Қолымды сәл көтеріп, үстел үстің сүртіп жүрген даяшыны шақырмақ болып едім, телефонына бір қарап, ол да өз жайымен жүре берді. Ал мен әлсіреп барамын. Оң аяғымнан бастап жан кетіп, беліме дейін жетті. Бір-екі рет айғайламақ боп едім, дауысым қарлығып, өзіме де естілер емес. Дәл сол сәтте ғана мен бұны бәрі жаңағы белгісіз әйелге қатысы бар екенін түсіндім. Және бағанадан бері айтып отырған әңгімесінде бір өтірік жоқ. Шарапқа бірдене қосқан шығар. «Біткен жерім осы! Жоқ, осы емес! Маған тырысу керек. Даяшыны шақырып алу керек немесе көшеден біреуден көмек сұрау керек. Анау дәретханадан келмей тұрып, мына жерден жылдам қашып кету керек. Әйтпесе, шаруам бітті...»

Ойым ғана анық. Ал денем өзіме бағыра емес. Нақтырақ айтсам, бұл дене менікі емес. Мен бұл денеден әлдеқашан айырылып қалғандаймын. Осыдан оншақты жыл бұрын қолым сынып, отаға кірген едім. Дәрігерлер күрделі ота болған соң, толық наркоз беріп, ұйқытатып тастады. Дәл сол сәттегі дәрінің бойыма біртіндеп жайылғаны сияқты, мына белгісіз күш те менің әр тамырымда шырқыраған жанымды қуалап жүр. «Жо- жоқ! Берілуге болмайды. Алдымен сабыр ету керек. Терең тыныс ал! Жағдайды қайта бір ой иеліген өткіз. Сен мұнда келдің... анау әйелмен сөйлестің... сендер жақсы отырдыңдар... сабын зауыты туралы әңгіме басталғанға дейін... иә дәл солай. Жо-жоқ, сонда ол сенің теріңде де жаңағы өзі айтқан эфир майын алғысы келе ме?! Жо-жоқ, Менің қаным жарамайды. Қақпаңа түскен жерім осы».

Сағат түнгі он екінші маңайлаған. Бардан шыққандар қарқылдасып, көліктеріне отырып, кетіп қалды. Мен ғана жанған шырақтың астында жалғыз отырмын. «Неге менің бәріме келіп құтқармайды? Неге елемейді? Сонда бұлар көзім ғана қимылдап отырған мені байқамай ма?! Құтқарыңдар! Құтқарыңдар!»

Әйелдің бейнесі қайта көрінді. Көздері сайтанның көздері сияқты қызарып кеткен. Көйлегінің түсі де бағанағыдай жылтыр сұр емес. Алқызыл. Оттай жанып тұр. Бір сәт бағанадан бері мен сөйлескен әйел – әйел емес, өрімдей жас қыз екен деймін. Он сегізден енді асқан бойжеткен. Жо-жоқ, бұл жерде бірдене дұрыс емес. Не мен есімнен адастым, не мынау әлгі үш әріптің өзі. Бойжеткен езуінде мысқыл күлкі, иығыннан қағып қойды.

– Білем. Сені көп сұрақтар мазалап жатқан болар. Бірден айтайын, ешкім саған көмекке келмейді. Тырыспа.

Ол терекісін жақты. Қараңғы көшелердегі жарыққа қарап, тағы ойға батты.

– Мен жаңа иіс іздеп жүрмін, – деді алыстан көзін алмай. – Түсінесің бе, жаңа иіс. Бұрынғы иіс мені шабыттандырмайды.


Сағатына қарап: – Сенде үш сағат бар. Аман қалуға... Сұрақтың жауабын тапсаң – мені көрмейсің. Таппасаң ертең полицейлер «25 жасар журналист жігіттің денесі өлі күйінде табылды» деген ақпарат тарататын болады.

Ол темекісін күлсалғашқа басып, көзіме тура қарады. – Мен кімін?

Осылай деді де көз алдыман әп-сәтте ғайып болды. Ол кетісімен, мен де денем босап, алып ұйқыға кеттім. Таң ағара, есімді жисам, тақтай орындықта жатыр екенмін. Шатқаяқтап үйге тарттым. Жол бойы құсып келемін. Келе салып, осы естелікті жазып отырмын.

«Шынымен ол кім? Мені неге өлтірмеді? Бірақ неге өлтірмеді?» Кенет жыртылған ретро журналдың бетінен сегіз жасар қыздың суретін байқап қалдым. «Әсия Мамырова. 1987 жылы Павлодар қаласы, Қызылжар ауылында педофил құрбаны болған. Қасындағы 7 жасар Шәкен Тұмаров есімді бала аман қалды» деп жазыпты. «Жоқ, мүмкін емес! Әсия, Әсия! Бұл сол қыз ғой. Кешегі әйел айтқан. Ал, қасындағы Шәкен Тұмаров деген бала ше? Ол кім? Кешегі әйел кім? Мен кімін?»

Жантас ЕРКІНҰЛЫ



жасаушымын». Иә, дәл солай. Неге бұл сөз оралды екен ойыма, білмеймін. Аз ішу керек.

– Сіз сенесіз бе, адам не ойласа, сонысы терісінен иіс боп шығып тұратынына? Мәселен...

– Сенем, – дедім мен алғаш рет. Дауысым батыл шықты, білем, әйел іркіліп қалды.

– Мәселен, негативті ойларды көп ойласаңыз, ол бойыңызға жайылады да, теріңізден шығып тұрады. Бұл ғылыми дәлелденген. Ал мен өлтірген он алты адамның ешқайсысы жаман адам болған жоқ. Бәрі Әсия сияқты мейірімді болды. Содан болар, біз өз иіс брендмізді жылдам қалыптастырдық.

– Үстіңіздегі иіс сол ма? – дедім мен дауысым дірілдеп.

– Жоқ. Бұл ол иіс емес. Бұл арнайы өзіме ғана дайындалған иіс. Мен адамдардың иісін сеппеймін. Бұл жасминнің иісі. Сіздің кезек?

Мен тағы ойлануы қалдым. Айтқаннан гөрі, тыңдағаным дұрыс шығар. Түріне қарасам, айтып отырған әңгімесінде бір өтірік жоқ сияқты. Өтірік болса да адам мұндай нәрсемен ойнамас, сірә.

– Көп ойланады екенсің. Сіз тағы ойлануы алғашша, мен жаңағы әңгімеді жалғастырайын.

Сіз ойларсыз, Әсияны көріп шошып кетті деп... Жоқ, керісінше. Ол өлі күйінде сондай сұлу болды. Әсіресе, оның иісі, терісінің иісі... Мен өмірімде мұндай иіс иіскеп көрген емеспін. Кейін университетті «биотехнолог» мамандығы бойынша аяқтадым. Адам анатомиясын бастап аяқ зерттедім. Санамды әлемде жоқ иіс жасау арманым биледі. Әз брендімді қалыптастырсам, бәрі маған табына деген арман көкірегімді күн сайын тырмалап жатты. Ақыры, бәрін тамырыман басайын деп, Франциядағы парфюмерия отаны – Грасс қаласына бардым. Әлемнің ең ұлы иіс «Шанел – 5» компаниясында жұмыс істедім. Ондағы иістерге сан жетпейді, білесіз бе. Сондағы бес жылдық тәжірибемде түсінгенім, иіс деген – адамның өзі қалаған иллюзиясы. Мысалы, жасмин мен лаванданы қосып құлпынай иісін алуға болады. Нақтырақ айтсақ, құлпынайдың

сондай қарапайым әрі үйреншікті еді. Ал, мен тарихта қалатын иіс жасағым келді деп айттым ғой. Ондай иісті тек адамның балғын терісінен ғана алуға болатын еді. Әрине, біздің өндірісте тауықтан да, шошқадан да эфир майын алуға болады. Бірақ адамның майы – бұл бөлек әңгіме. Мен оны Әсияның терісін иіскеген сәттен-ақ түсінгем. Сөйтіп не керек, қалаған иісімді алуға ансарым ауып жүрді. Дәл осы жерде мына маңызды детальды ескерген дұрыс... Біз білетін әлемнің ең танымал парфюмердері 18-ғасырға дейін Грасс қаласында өндіріліп келді. Кейін Мысыр, Үндістан, Қытай елдері де сан-алуан иістерді шығара бастады. Неге сол елдерде ғана парфюм өндірісі дамыды деп ойларсыз? Өйткені, дәл осы мемлекеттерде ғана жасминнің алып алқаптары бар. Жасмин гүлі – барлық біз білетін танымал иістердің негізі. Яғни, парфютура ойнау үшін бірінші кезекте «нота кілт» керек десек, сол кілт – жасмин. Ал мен иіс музыкасының негізін өзгерткім келді. Түсінесіз бе, негізін...?! Барлық иісті басынан бастаймыз...

Бір күні газет оқып отырсам, бір маньяк 7 қызды өлтіріп, денелерін әр жаққа көміп кетті. Оқиға Алматы қаласында орын алған. Дәл сол сәтте басима ғажап идея келе қалды. Неге маған сол маньяқты полицейлерден бұрын тауып, келісімшартқа отырмасқа. Және бір қызығы неге сол сияқты бірнеше маньякпен келіссек. Олар денеден қалай құтылу керектігін біледі, ал мен өз керегімді аламын. Әрі полицейлер тауып жатса, менің қатысым болмайды. Бұл өте сенімді... қалай айтсам екен... (ол сәл ойлануы қалды) гениальный жоспар еді. Осылайша мен сол тұстағы барлық атышулы ганибалдар, маньяктар, бәрімен жеке-жеке келісімшартқа отырдым. Олар басында өздері үшін өлтірсе, кейін менің тапсырысым бойынша өлтірді. Иә, иә дәл солай. Сізге 1990 мен 2000 жылдар арасындағы онжылдықта маньяктардың көбейіп кеткендігі қызық боп көрінбей ме? (Ол мырс етіп күліп алды). Дәл солай, көбі біздің тапсырысы... Әрине, ол жерде қаншама адамдар жазықсыз өлді. Кейбіреуі тіпті тәжірибеге жарамсыз боп шықты. Ондай кезде біз мәйіттен жылдам арылуға тырысамыз. Немесе алып тоңазытқыштарға бөліп-бөліп салып тастаймыз. Барлығын

ЗАҢ газеті
Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА
Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ
Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айна Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы Алматы облысы Ақтөбе облысы Атырау облысы Маңғыстау облысы Қызылорда облысы Түркістан облысы
Батыс Қазақстан облысы
Астана Айна Құрманғали 8 707 851 91 13.
Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 8 775 733 56 65.
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №129 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі орталық бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31